



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№13 (921) Сәрсенбі 2 сәуір 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

СЫР ӨНЕРПАЗДАРЫ ЕУРОПАДА ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІН НАСИХАТТАДЫ



24-27 наурыз аралығында Қызылорда облысының Еуропадағы өнер күндері өтті. Сыр елінің өнерпаздары Финляндия, Эстония және Испания елдеріне қазақ халқының бай мәдени мұрасын таныстырып, ұлттық өнерімізді дәріптеді. Шығармашылық сапар барысында мемлекеттер арасындағы мәдени-рухани байланыс артып, шетелдегі қандастарымыз да елге деген сағынышын басып, ұлттық өнерден қуат алды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өнер сапарынан оралған бір топ өнерпаз сапардан алған әсерімен бөлісті.

– Сыр бойының өзіне тән жыр-күйлері сол жақтағы халықтың үлкен қызығушылығын туғызды деп айта аламыз. Ең алғашқы кешіміз Финляндия елінде басталды. Концерттен соң фин халқы бізді сахнадан жібермей, әріптестеріміздің әрқайсысымен суретке түсіп, Сыр жұртшылығына жалынды сәлемін айтып жіберді. Бұл ілтипаттар Эстония мен Испанияда да қайталанды. Осы орайда әлеуметтік желі арқылы бізге тілекші болып, қолдап отырған жерлестерімізге ризашылығымызды білдіреміз. Сондай-ақ, Сыр өнерпаздарының атынан осы тарихи сапардың жүзеге асуына үлкен қолдау білдірген аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлына алғыс айтамыз, - деді айтыскер ақын Мұхтар Ниязов.

– Бұл Еуропалық сапардың орны ерекше болды деп айта аламыз. Біз бұған дейін де шет елдерде болдық, десе де бір ғана мемлекетпен шектелетін едік. Ал осы жолы Еуропаның үш елінің бас қалаларында өнер көрсеттік. Қазақтың өнеріне тән барлық жанрлар қамтылған ерекше концерт болды. Үстімізге киген ұлттық костюмдеріміз жергілікті тұрғындардың назарын аударып, қандастарымыздың туған жерге деген сағынышын басуға септігін тигізді. Тіпті кей

қандастарымыз сағыныш сезімінен көзіне жас алған сәттері де болды. Осы сәттерді көзімізбен көріп, залда отырған әр көрерменнің қошеметін, ыстық ықыласын шынайы сезінген кезде төбеміз көкке жетті. Сонымен қатар, әрбір шет елдегі қандасмыздың Ұлыстың ұлы күнін сезініп, ұлттық өнерді тағы бір естіп, өздерінің ішкі толғаныстарын айтқан кезде аймақ басшысының көргендігіне тәнті болдық, - әнші Самал Байсейітова.

– Үлкен сапардан абыроймен оралдық қой деп есептейміз. Наурыз мейрамын тойлау барысында салт-дәстүрімізді, ұлттық тағамдарымызды көрерменге ұсынғанда тіпті бөлек болды. Ол жақтағы халықтың сағынышпен қарсы алуы, қимастықпен шығарып салуын көзімізбен көрдік. Біз тек Сыр өңірінің атынан ғана емес қазақ елінің атынан бардық. Бұған дейін бір ғана мемлекетке ғана барып қайтатынбыз. Бұл сапарда үш бірдей мемлекетте қазақтың дәстүрлі өнерін насихаттадық. Оған қолдау көрсеткен аймақ басшысына, азаматтарға алғыс білдіреміз, - деді дәстүрлі әнші Руслан Ахметов.

– Қазақтың ұлттық өнерін шетелде көрсетіп қайттық. Қай қалаға барсақ та көрерменнің ерекше ықыласын сезіндік. Біз үшін бұл сапар тарихи сәт болды. Ұлттық өнерді насихаттап, шетелдегі қандастарымыз бен жергілікті тұрғындарға ұсыну мақсатындағы сапарға қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлына алғыс білдіреміз, - деді «Ақмешіт» фалькюрлық ансамблінің әртісі Алтынай Берденова.



ВЕЛОЖАРЫСТЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ



Кызылорда қаласында Қаз ССР-на Еңбек сіңірген жаттықтырушы Ли Валентин Захаровичты еске алуға арналған және КСРО спорт шебері Бадретдинов Раис Салиховичты еске алуға арналған тас жолдан 15-16 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында республикалық веложарыстың ашылу салтанаты өтті.

Іс-шараға Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов, Бадретдинов Раис Салиховичтың отбасы мүшелері және спорт саласының ардагерлері қатысты.

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІ - МОНҒОЛИЯДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің өкілдері ҚР Сыртқы істер министрлігі мен Отандар қоры ұйымдастырған көрмеге қатысты. Білім көрмесі алғаш рет Монғолияның Баян-Өлгей аймағында өтті.

«Көрмеде оқу орнының артықшылықтары, білім беру бағдарламалары, қос дипломды білім беру бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, оқу жүйесі туралы мәліметтер берілді. Басты мақсатымыз –

шетелдік азаматтарды, оның ішінде Монғолия жастарын университетте білім алуға ынталандыру», - деді Рекрутінг және мансап бөлімінің басшысы Асхат Мырзабай.

«Монғолиядағы Қазақстандық білім күндері» көрмесіне жиырмаға жуық қазақстандық жоғары оқу орындарының өкілдері қатысып, 1500-ден астам мектеп бітіруші тұлғаларына ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

МЬЯНМА МЕН ТАИЛАНДА ЗІЛЗАЛА ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ САНЫ АРТТЫ



Мьянмадағы жойқын зілзадан қаза тапқандар саны 1644 адамға жетті. Тағы 3400-ден астамы жараланып, 139-ы із-түссіз жоғалып кеткен. Бұл туралы «Би-Би-Си» телеарнасы хабарлады. Қуаты 7,7 балдық жерасты дүмпүлері Бангладеш, Үндістан, Қытай және Лаос сияқты бірқатар елде сезілді.

Таиландта 77 афтершок тіркелген. Бангкокта 11 адам ажал құшып, 42 тұрғын зардап шекті. Таиланд астанасы мен Мьянманың 6 аймағында төтенше жағдай жарияланған. Іздеу-құтқару жұмыстары жүріп жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымы зардап шеккендерге көмек ретінде 5 миллион доллар бөлді.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

МАҢЫЗДЫ ШАРАЛАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай маңызды шаралар пысықталды.



Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Баймановтың жетекшілігімен Ассамблеяның мерейтойын атап өту және 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін тойлау жұмыстары талқыланды. Кездесуге облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағалары, қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов және «Қоғамдық келісім» КММ директоры Бакытжан Камалов қатысты.

Бақытжан Камалов Ассамблеяның 30 жылдығына арналған түрлі іс-шаралар туралы баяндама жасап, жыл бойы өтетін мерейлі даталар мен ауқымды шаралар жайлы мағлұмат берді. Сонымен қатар, облыстың Қазақстан

халқы Ассамблеясының ардагері Асылбек Жұмабаев, еліміздің бірлігі мен Ассамблея институтының қызметі туралы өз пікірін білдіріп, өткен 30 жылдағы жетістіктерге тоқталды. Этномәдени бірлестіктердің төрағалары да мерейтойлық шараларды бірлесіп, жоғары деңгейде атап өтудің тиімді жолдары туралы ұсыныстарын жеткізді.

Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов барлық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізу үшін басқарманың әзірлеген жоспарларын жүзеге асырып, республикалық деңгейдегі шараларға дайындықты алдын ала пысықтауды тапсырды.

ДАРА ДАРЫН, ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы Тынымбай Нұрмағанбетовтың 80 жасқа толуына орай «Дара дарын, қарымды қаламгер» атты әдеби кеш ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – қазақ әдебиетінде прозаға бүкіл өмірін арнаған қаламгердің өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Ж.Қизатов атындағы

№23 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Қозыбаева оқырманның сүйіктісіне айналған «Періштелер өлімі» шығармасына жан-жақты талдау жасады. Іс-шара барысында оқырмандар арнау өлеңдерін оқып, ән-жырларды оқыды. Оқырмандар назарына «Жансарайы жарқын жазушы» атты кітап көрмесі ұсынылды.



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ЖӘРМӨҢКЕСІ

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Облыстық жастар ресурстық орталығында «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» өтті. Іс-шараға Қызылорда облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Ж.Дәулетбаева қатысып, аймақтағы жұмыссыз азаматтарды қолдау және еңбек нарығын дамыту мәселелеріне назар аударды.

Шараға жергілікті жұмыс берушілер, жұмыссыз азаматтар мен оқу орындарының түлектері қатысты. Жәрмеңкеге 24 жұмыс беруші қатысып, жұмыс іздеушілерге 240-қа жуық жұмыс орындарын ұсынды. Қатысушыларға кәсіптік бағдарламалар арқылы қолдау көрсету және кәсіпкерлік бастамаларды дамыту мүмкіндіктері таныстырылды.

Сондай-ақ, жұмыс берушілердің халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру бағытындағы жұмыстарды арттыру және жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру, кәсіби білім беру

және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру мақсатында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен «Реал Строй Снаб ЖШС», «Инжу-Маржан» ЖК, «Керім-сұлу Qyzylorda» ЖК арасында ынтымақтастық және әріптестік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Жыл көлемінде жұмысшы мамандықтардың беделін арттыруға, жастарды кәсіптік білім алуға ынталандыруға және жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бұдан да өзге бірқатар іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды. Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Құрманбаев терроризмге қарсы орталық пен облыстық комиссияның хаттамалық шешімдерінің, ақпараттық қажеттілік тізбесінің орындалуы туралы баяндады. Облыстық дін істері басқармасының басшысы Дінмұхамед Ермаков тәуекел топтармен жүргізілген ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының нәтижелеріне тоқталды. Этносаралық қарым-қатынастар мен этностар

арасындағы қақтығыстардың алдын алуға атқарылған жұмыстарды облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов айтты.

Жиында облыс әкімі көтерілген мәселелерге қатысты жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді. Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы терроризмге қарсы орталық пен облыстық комиссияның хаттамалық шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауға алып, шараларды толық әрі сапалы жүзеге асыруы тиіс. Профилактикалық шаралардың сапасын арттыруда Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері, жауапты

мемлекеттік органдар әдістемелік көмек көрсетуі керек. Облыстық дін істері басқармасына тәуекел топтармен жүргізілетін профилактикалық шаралардың тиімділігін арттыру үшін ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысын жетілдіру жүктелді.

Аймақ басшысы этносаралық қарым-қатынас ерекше бақылауды қажет ететін маңызды мәселе екенін атап өтті. Өңірлік ақпараттық-түсіндіру тобының көмегімен этнос өкілдері көп шоғырланған жерлердегі профилактикалық және мәдени-көпшілік іс-шараларға оларды кеңінен тарту, этносаралық достық пен татулықты насихаттау әрдайым назарда болуы керек.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрсенбаевтың қатысуымен ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевты еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатына облыстық мәслихатының депутаты, құқық қорғау саласының ардагері Әмірбек Шаймағамбетов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қасымхан Асанұлы және Талғат Қозыбаевтың отбасы арнайы қатысты.

Аудан басшысы бейбіт күннің батыры Талғат Қозыбаевтың өнегелі өмірі мен ерлігін атап өтіп, қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы Республикалық турнирге қатысушыларға сәттілік тіледі.



– Бүгін біз ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевты еске алуға арналған қазақша күреспен республикалық турнирдің ашылу салтанатына жиналып отырмыз. Халық даналығында «Ерлік ешқашан ұмытпайды» деген нақыл бар. Қызмет бабында қайсарлықпен қаза тапқан батыр ұлымыз, полиция аға лейтенанты Талғат Қозыбаевтың есімі әркез

жаңғырып тұрады. Өйткені, өз антына адал болған перзенттерін ел ешқашан ұмытпайды. Ел тыныштығын қорғаудағы ерлігі үшін ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Оның ержүректігі мен табандылығы, азаматтылығы өскелең ұрпаққа өшпес үлгі-өнеге етілуде. Өзі қайтыс болған Тартоғай елді мекенінде және өзі туып өскен О.Мәлібаев мөлтек ауданындағы көшелерге батыр

ұлдың есімі берілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен өзі оқыған орта мектеп Талғат Қозыбаевтың есімімен аталады. Жыл сайын батыр ұлды еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнир өткізіліп келеді. Бүгінгі додада боз кілемде бағын сынайтын жас балуандарымызға сәттілік тілеймін! – деді Берік Әбдіғалпаұлы.

Сонымен қатар, турнирдің ашылу салтанатында облыстық мәслихатының депутаты Әмірбек Шаймағамбетов пен батыр ұлдың әкесі Есентай Қозыбаев сөз сөйлеп, турнирдің өтуіне атсалысқан азаматтарға алғыстарын білдірді. Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 250-ге жуық келген жас балуандар қатысып, өз шеберліктерін көрсетуде. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы сыйлықтармен марапатталды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ Шалқия кенішінің экологиялық көрсеткіштері туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі 182 бабының 7 тармағына сәйкес, жұртшылыққа кәсіпорынның экологиялық қызметі туралы хабар беру мақсатында «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ (әрі қарай – Қоғам) «Шалқия» кенішінің 2024 жыл қорытындысы бойынша өндірістік экологиялық бақылау көрсеткіштері мен жалпы Қоғамның экологиялық қызметі бойынша мәліметтерін ұсынамыз.

Өндірістік экологиялық бақылаудың міндеттері болып табылады: қоршаған ортаға зиянды әсерлерді тіркеу, қоршаған ортаға өндірістік және шаруашылық қызметтің әсерін бағалау, қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің сақталуын қадағалау, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәжілетті органдарға өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілік дайындау және тапсыру.

Өндірістік экологиялық мониторинг атмосфералық ауаға, жұмыс аймағы ауасына, жерасты және жер беті су көздеріне, ағынды суларға, топырақты-өсімдікті жабынға, өндіріс және тұтыну қалдықтарына, физикалық факторлар әсеріне, радиациялық ахуалға жүргізіледі. Өндірістік экологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім келісімшарт негізінде орындалады.

Төмендегі кестелерде 2024 жыл бойынша жүргізілген өндірістік экологиялық бақылаудың негізгі көрсеткіштері мен олардың белгіленген нормаларға сәйкестігі туралы мәліметтер көрсетілген: № 1 кесте – Атмосфералық ауаға әсер етудің мониторингі; № 2 кесте – Ағынды сулар мониторингі; № 3 кесте – Жер асты суларына әсер мониторингі; № 4 кесте – Радиациялық мониторинг; № 5 кесте – Өндірістік және тұтыну қалдықтары мониторингі; № 6 кесте – Топырақ жамылғысы мониторингі; № 7 кесте – Өсімдік жабыны мониторингі.

№ 1 кесте Атмосфералық ауаға әсер етудің мониторингі

Бақылау нүктелерінің атауы	Ластағыш заттардың атауы	Белгіленген норматив (мг/м ³)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/м ³) 1 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/м ³) 2 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/м ³) 3 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/м ³) 4 тоқсан 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету
1	2	3	4	5	6	7	8
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№3	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,00	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,032	0,0158	0,0	0,0	
	Көміртегі оксиді	5,0	2,06	1,45	2,25	2,6	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,046	0,025	0,029	0,064	
	Мырыш	0,008	0,004	0,007	0,003	0,004	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№4	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,0544	0,0648	0,0687	0,005	
	Көміртегі оксиді	5,0	0,855	0,099	1,302	1,5	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,052	0,0167	0,0347	0,0511	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№5	Мырыш	0,008	0,0	0,006	0,0	0,0016	Орын алған жоқ
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,062	0,014	0,0208	0,026	
	Көміртегі оксиді	5,0	0,018	1,14	1,98	3,1	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№6	Органикалық емес шаң	0,3	0,0601	0,0234	0,013	0,076	Орын алған жоқ
	Мырыш	0,008	0,0031	0,0	0,002	0,0	
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	

Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№6	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,11	0,012	0,0514	0,06	
	Көміртегі оксиді	5,0	1,5	0,608	2,3	0,95	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,0508	0,057	0,0404	0,0508	
	Мырыш	0,008	0,0	0,0	0,005	0,0	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№7	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0103	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,118	0,0244	0,146	0,24	
	Көміртегі оксиді	5,0	0,935	1,65	1,05	0,92	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,199	0,066	0,0395	0,0	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№8	Мырыш	0,008	0,0	0,001	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,0361	0,0	0,113	0,0	
	Көміртегі оксиді	5,0	0,809	2,58	1,68	1,02	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№9	Органикалық емес шаң	0,3	0,0637	0,0188	0,0551	0,057	Орын алған жоқ
	Мырыш	0,008	0,002	0,001	0,0	0,003	
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Күкірт диоксиді	0,5	0,19	0,032	0,0995	0,0	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№10	Көміртегі оксиді	5,0	0,771	0,978	2,03	0,88	Орын алған жоқ
	Органикалық емес шаң	0,3	0,139	0,025	0,0203	0,0413	
	Мырыш	0,008	0,0032	0,0	0,002	0,0	
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,0	0,0	0,008	
	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	
Санитарлық-қорғау аймағы б.н.№11	Күкірт диоксиді	0,5	0,0966	0,0	0,217	0,09	Орын алған жоқ
	Көміртегі оксиді	5,0	0,87	1,1	0,805	2,14	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,025	0,097	0,0185	0,063	
	Мырыш	0,008	0,0041	0,0	0,003	0,0	
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	
	Азот диоксиді	0,2	0,0	0,024	0,0	0,0	
Шалқия кенішінің шетіндегі кенішке ең жақын қоныстану аймағы	Көміртегі (күйе)	0,15	0,0	0,0	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Күкірт диоксиді	0,5	0,0284	0,144	0,26	0,2	
	Көміртегі оксиді	5,0	0,95	1,25	1,32	1,09	
	Органикалық емес шаң	0,3	0,0306	0,0478	0,0805	0,095	
	Мырыш	0,008	0,0026	0,0018	0,0027	0,0032	
	Корғасын	0,001	0,0	0,0	0,0	0,0	

*г.ж. – табылған жоқ

2024 жылдың қорытындысы бойынша «ШалкияЦинк ЛТД» АҚ Шалқия кенішінің экологиялық көрсеткіштері туралы ақпарат

№ 2 кесте

Ағынды сулар мониторингі

Бакылау нүктелерінің атауы	Ластағыш заттардың атауы	Белгіленген норматив (мг/дм3)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 1 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 2 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 3 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 4 тоқсан 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету
1	2	3	4	5	6	7	8
Шахта-лық су шығаратын құбыр	Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)	21,250	21,0	20,8	21,10	21,23	Орын алған жоқ
	Аммонийлі азот	14,800	14,6	14,7	14,6	14,7	
	Нитриттер	2,260	2,0	2,0	2,0	2,24	
	Нитраттар	3,250	2,0	1,5	1,6	2,1	
	Мұнай өнімдері	30,900	22,5	25,0	26,0	29,0	
	Қорғасын	0,036	0,034	0,02	0,02	0,034	
	Темір	0,066	0,0033	0,0041	0,0043	0,003	
	Мырыш	0,340	0,32	0,33	0,32	0,33	
	Мыс	0,335	0,02	0,04	0,04	0,333	
	Хлоридтер	0,520	0,008	0,009	0,008	0,005	
	Сульфаттар	386,410	384,0	385	379	385,0	
	Сульфаттар	1411,300	1311,0	1409,0	1410,0	1410,0	
Тазаланған шаруашылық-тұрмыстық ағынды суларды шығаратын құбыр	Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)	3	2,95	2,98	2,95	2,99	Орын алған жоқ
	Аммонийлі азот	3	2,8	2,9	2,8	2,9	
	Нитриттер	0,39	0,37	0,35	0,34	0,38	
	Нитраттар	0,3	0,28	0,24	0,25	0,27	
	Мұнай өнімдері	9,1	9,0	8,5	8,4	9,0	
	Темір	0,1	0,09	0,09	0,008	0,07	
	Мыс	0,3	0,29	0,28	0,31	0,2	
	Фосфаттар	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1	
	СББЗ (СПАВ)	0,5	0,4	0,3	0,4	0,4	

№ 3 кесте

Жер асты суларына әсер мониторингі

Бакылау нүктелерінің атауы	Ластағыш заттардың (ЛЗ) атауы	Белгіленген норматив (мг/дм3) (ауыз су бойынша)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 1 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 2 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 3 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/дм3) 4 тоқсан 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету
1	2	3	4	5	6	7	8
Бос тау жынысы үйіндісі маңындағы фондық бакылау ұнғымасы	pH	-	7,8	9,0	7,2	7,4	Орын алған жоқ
	Температура	-	25	27	24	25	
	Кермектік	-	9,7	9,8	9,7	9,8	
	Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)	0,75	0,7	0,8	0,7	0,8	
	Нитриттер	3,0	2,9	2,9	2,4	2,5	
	Нитраттар	3,3	2,9	2,4	2,5	2,6	
	Аммонийлі азот	45,0	33,0	18,0	35,0	37,0	
	Сульфаттар	2,0	1,8	0,8	1,8	1,9	
	Хлоридтер	500,0	895,0	801,0	825,0	827,0	
	Мұнай өнімдері	350,0	331,0	312,0	335,0	337,0	
	Темір	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	
	Мыс	0,3	0,17	0,09	0,19	0,20	
	Мырыш	1,0	0,6	0,05	0,8	0,9	
	Мырыш	5,0	0,8	0,8	0,7	0,8	
	Бос тау жынысы үйіндісі маңындағы тексеру бакылау ұнғымасы	pH	-	8,9	9,1	8,0	
Температура		-	26	26	28	29	
Кермектік		-	20,0	9,1	22,0	23,0	
Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)		0,75	0,75	0,7	0,79	0,81	
Нитриттер		3,0	2,9	2,8	2,9	2,8	
Нитраттар		3,3	2,8	2,7	2,9	2,5	
Аммонийлі азот		45,0	29,0	23,0	29,0	27,0	
Сульфаттар		2,0	1,9	0,8	1,9	1,8	
Хлоридтер		500,0	875,0	721,0	880,0	882,0	
Мұнай өнімдері		350,0	299,0	290,0	301,0	302,0	
Темір		0,3	0	0	0	0	
Мыс		0,3	0,5	0,07	0,7	0,8	
Мырыш		1,0	0,6	0,27	0,6	0,7	
Мырыш		5,0	1,9	1,8	1,9	1,8	
Шахта суын жинау тоғанының фондық бакылау ұнғымасы		pH	-	9,1	7,1	9,1	9,2
	Температура	-	25	27	28	29	
	Кермектік	-	9,9	9,8	9,9	9,8	
	Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)	0,75	0,7	0,8	0,9	0,8	
	Нитриттер	3,0	2,8	2,5	2,8	2,9	
	Нитраттар	3,3	2,7	2,7	2,3	2,5	
	Аммонийлі азот	45,0	15,5	34,2	17,0	18,0	
	Сульфаттар	2,0	0,9	1,9	0,6	0,7	
	Хлоридтер	500,0	799,0	821,0	804,0	811,0	
	Мұнай өнімдері	350,0	302,0	334,0	315,0	319,0	
	Темір	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	
	Мыс	0,3	0,08	0,18	0,08	0,09	
	Мырыш	1,0	0,04	0,7	0,06	0,07	
	Мырыш	5,0	0,9	0,9	0,7	0,8	
	Шахта суын жинау тоғанының тексеру бакылау ұнғымасы	pH	-	9,4	8,2	9,0	8,0
Температура		-	25	27	28	26	
Кермектік		-	9,0	21,0	9,0	9,0	
Қалқымалы заттар ОБТ (БПКполн)		0,75	0,8	0,78	0,6	0,7	
Нитриттер		3,0	2,9	2,8	2,7	2,8	
Нитраттар		3,3	2,8	2,7	2,5	2,6	
Аммонийлі азот		45,0	24,0	28,0	22,0	24,0	
Сульфаттар		2,0	0,9	1,8	0,9	0,8	
Хлоридтер		500,0	712,0	879,0	725,0	730,0	
Мұнай өнімдері		350,0	291,0	300,0	291,0	292,0	
Темір		0,3	0	0	0	0	
Мыс		0,3	0,08	0,6	0,08	0,09	
Мырыш		1,0	0,25	0,7	0,28	0,29	
Мырыш		5,0	1,6	1,8	1,9	1,8	

Бакылау ұнғымаларында сульфаттардың белгіленген нормативтерден артуы фактурней жыныстарының сулы аймағының жер асты суларының табиғи фоны болып табылатындығына байланысты. Басқа ЛЗ бойынша орын алған жоқ

№ 4 кесте

Радиациялық мониторинг

Бакылау нүктелерінің атауы	Белгіленген норматив (мкЗв/сағ)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мкЗв/сағ) 1 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мкЗв/сағ) 2 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мкЗв/сағ) 3 тоқсан 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мкЗв/сағ) 4 тоқсан 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету	
1	2	3	4	5	6	7	
СКА* б.н.№3	0,3	0,16	0,11	0,13	0,15	Орын алған жоқ	
СКА б.н.№4	0,3	0,14	0,15	0,09	0,10		
СКА б.н.№5	0,3	0,13	0,10	0,13	0,11		
СКА б.н.№6	0,3	0,15	0,13	0,10	0,08		
СКА б.н.№7	0,3	0,11	0,12	0,15	0,11		
СКА б.н.№8	0,3	0,10	0,09	0,12	0,09		
СКА б.н.№9	0,3	0,10	0,12	0,14	0,12		
СКА б.н.№10	0,3	0,13	0,14	0,08	0,13		
СКА б.н.№11	0,3	0,14	0,13	0,10	0,11		
*СКА – Санитарлық қорғау аймағы, б.н. – бакылау нүктесі							

№ 5 кесте

Өндірістік және тұтыну қалдықтары мониторингі

№	Қалдық түрлері	2024 жылы құралған қалдықтар көлемі (тоннамен)	Қалдықтарды өңдеумен, жоюмен айналысатын мамандандырылған мекемелерге берілген көлемі (тоннамен)	Қалдықтар әсерінен қоршаған ортаға келтірілген зиян
1	2	3	4	5
1	Торкрет бетонның қалдықтары	47,5	47,5	Орын алған жоқ
2	Полимерлі өндірістік қалдықтар (пайдаланылған құбырлар)	11,7	11,7	
3	Үлкен сөмкелер (полипропилен пакеттері)	1,1	1,1	
4	Автокөлік шиналары	14,1	14,1	
5	Металл жонқасы	0,57	0,57	
6	Электрләрдің қүйігі	0,224	0,224	
7	Автомобиль ауа сүзгілері	0,175	0,175	
8	Кәріз лайы	0,85	0,85	
9	Медициналық қалдықтар	0,05	0,05	
10	Ағаш қалдықтары	42,75	42,75	
11	Металл сынықтары	18,414	18,414	
12	Трансформатор изоляторлары	2	2	
13	Тозған арнайы киім	0,2	0,2	
14	Пайдаланылған сүзгі	0,27	0,27	
15	Майланған шүберек	0,123	0,123	
16	Ластанған құм	3,8	3,8	
17	Құрамында сынап бар шамдар	0,089	0,089	
18	Пайдаланылған май	6,216	6,216	
19	ЛБМ босаған ыдыс	0,05	0,05	
20	Пайдаланылған антифриз	0,1	0,1	
21	Қатты тұрмыстық қалдықтар	163,01	163,01	
22	Макулатура	1	1	
23	Подизтиленді ыдыстар	0,27	0,27	
24	Бос тау жынысы	85444,9	-	
	Барлығы:	85759,461	314,561	

№ 6 кесте

Топырақ жамылғысы мониторингі

Бакылау нүктелерінің атауы	Көрсеткіштердің атауы	НҚ бойынша норма (мг/кг)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/кг) 1 жарты жылдық 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/кг) 2 жарты жылдық 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету
1	2	3	4	5	6
СКА* (солтүстік шекарасы) б.н.№ 7	Қорғасын	32	0,0	0,0	Орын алған жоқ
	Кадмий	-	0,0014	0,0011	
	Мыс	-	0,007	0,006	
	Мырыш	-	0,8	0,7	
СКА (шығыс шекарасы) б.н.№ 9	Азот	-	12,6	0,1 кем	
	Қорғасын	32	0,0015	0,0017	
	Кадмий	-	0,0012	0,0018	
	Мыс	-	0,008	0,007	
СКА (оңтүстік шекарасы) б.н.№ 3	Мырыш	-	0,7	0,6	
	Азот	-	8,4	0,1 кем	
	Қорғасын	32	0,0009	0,0	
	Кадмий	-	0,0002	0,0014	
СКА (батыс шекарасы) б.н.№ 5	Мыс	-	0,009	0,008	
	Мырыш	-	0,5	0,4	
	Азот	-	7,0	0,1 кем	
	Қорғасын	32	0,0	0,0	
СКА (батыс шекарасы) б.н.№ 5	Кадмий	-	0,0013	0,0013	
	Мыс	-	0,007	0,006	
	Мырыш	-	0,6	0,5	
	Азот	-	8,4	0,1 кем	

*СКА – Санитарлық қорғау аймағы, б.н. – бакылау нүктесі

№ 7 кесте

Өсімдік жабыны мониторингі

Бакылау нүктелерінің атауы	Көрсеткіштердің атауы	НҚ бойынша норма (мг/кг)	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/кг) 1 жарты жылдық 2024 жыл	Мониторингтің іс жүзіндегі нәтижесі (мг/кг) 2 жарты жылдық 2024 жыл	Белгіленген нормативтерден асып кету
1	2	3	4	5	6
СКА* (солтүстік шекарасы) б.н.№ 7	Мырыш	-	3,18	0,005 кем	Орын алған жоқ
	Күшән (мышьяк)	-	0,005 кем	0,005 кем	
	Қорғасын	-	0,93	0,005 кем	
	Кадмий	-	0,20	0,001 кем	
СКА (шығыс шекарасы) б.н.№ 9	Мыс	-	1,14	0,0025 кем	
	Мырыш	-	3,14	0,005 кем	
	Күшән (мышьяк)	-	0,005 кем	0,005 кем	
	Қорғасын	-	0,82	0,005 кем	
СКА (оңтүстік шекарасы) б.н.№ 3	Кадмий	-	0,14	0,001 кем	
	Мыс	-	0,18	0,0025 кем	
	Мырыш	-	3,18	0,005 кем	
	Күшән (мышьяк)	-	0,005 кем	0,005 кем	
СКА (батыс шекарасы) б.н.№ 5	Қорғасын	-	0,92	0,005 кем	
	Кадмий	-	0,20	0,001 кем	
	Мыс	-	1,14	0,0025 кем	
	Мырыш	-	3,42	0,005 кем	
СКА (батыс шекарасы) б.н.№ 5	Күшән (мышьяк)	-	0,005 кем	0,005 кем	
	Қорғасын	-	0,83	0,005 кем	
	Кадмий	-	0,14	0,001 кем	
	Мыс	-	1,22	0,0025 кем	

*СКА – Санитарлық қорғау аймағы, б.н. – бакылау нүктесі

«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ

«Шалқия» кеніші



31.03-06.04.2025

Токты

Ұнатқан адамыңыздың сізге деген ілтипағын ояту үшін едәуір еңбектенуіңіз қажет. Өзгеңіз назарын аудару оңайға соқпайын деп тұр. Көп нәрсе өзіңізге байланысты. Әріптестеріңізбен сөзге келіп қалудан сақ болыңыз.

Торпақ

Қазір жұмысқа кешікпегеніңіз дұрыс. Басшылықтың назары сізге ауған. Ұрыс-керістің алдын алып, жағдайдың оңалатынын күтіңіз. Әлдебіреу жұмысыңыздан шикілік тапса, ашуға ерік берген жөн.

Егіздер

Апта ортасында өзіңізді біртүрлі жайсыз сезінесіз. Жағдайды реттеудің жолы көп емес: театр мен концертке барып келген де орынды. Жалғыз қалмауға тырысыңыз, әйтпегенде түрлі ойлар жаныңызды жегідей жейді.

Шаян

Бойдақ Шаяндардың ұнатқан адамы бар. Тек сезім білдіруге бағылдары жетпей жүр. Қарбалас тірліктер шектен тыс өтініштер ойыңызды бөліп, мүлде басқадай шешім қабылдауға себепші.

Арыстан

Табысты болса да тәуекел етуге мәжбүрлігің ұсыныс түсуі мүмкін. Мүмкіндігінше жұмысқа белсене кірісіңіз, әріптестеріңіз осыны күтеді. Бүгін еселі еңбектенсеңіз, ертең демалыс алуға мүмкіндік аласыз.

Бикеш

Жұбайыңызбен сөз таластырып, өзіңіздікін дәлелдеймін деп құлшынбағаныңыз ләзім. Дұрыс, болған жайты ой елегіңнен өткізу қажет. Достарыңыз көмек сұраса, ойланбастан қолұшын созыңыз.

Таразы

Қандай таңдау жасасаңыз да соңынан еш өкінбейсіз. Қандай жағдай болсын жеңімпаз болып шығуды мақсат ететін Таразылар ықпалды адамдармен жолығып, өз маңсабындағы маңызды шешімдердің бірін қабылдамақ.

Сарышаян

Көптен бері байланысқа шықпаған жаңдарыңа қоңырау шалады. Бірі көмек сұрап, бірі ұсыныс айтуы мүмкін. Көңіліңіз қанша жерден қаламаса да бірден «жоқ» деп жауап бермей, соңына дейін тыңдап көріңіз.

Мерген

Алдымен үтірі қойылып, кейін ат құйрығын кесісуді ойлайсыз сүйіктіңізбен. Осы немесе өзге де жайттар көңіліңізді құлазытса, ашы судан ұрттап, түңілудің қажеті жоқ. Сәтсіздік пен қиындықтар легінің «ғұмыры» ұзақ емес.

Тауешкі

Қандай ұсыныс түссе де алдымен ұжымыңыздағылармен кенесіңіз. Қазір қателесуге болмайды. Егер аяқ асты сүрініп кетсеңіз, тек өз күшіңізге сеніңіз. Қарбалас шаршатып жіберсе, табиғат аясына серуендеп қайтыңыз.

Сукүйгіш

Жұмысқа зор құлшынысы танытсаңыз да соңында сынға қалуыңыз кәдік. Бәлкім, кейбірі белсенділігіңізді бұрыс түсінулері мүмкін. Ескі сырқаттарыңыз көрініс берсе, дәрігерлер көмегіне жүгінгеніңіз жөн.

Балықтар

Сәуір айында қандай қадамдар жасайтыныңызды қазір бүге-шігесіне дейін нақтылаңыз. Ойлаған нәрсенізді кейінге қалдыра беру нәтиже әкелмес. Жұлдыздар Балықтардың еңбекқорлығын ерекше атап өтіп, жылы лебіздерін білдіруде.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Салауатты өмір салты (СОС) – бұл аурудың алдын алуға және денсаулықты нығайтуға бағытталған адамның өмір салты. Бұған адам өмірінің барлық салалары кіреді – тамақтанудан бастап эмоционалды көңіл-күйге дейін.

Салауатты өмір салтының өзектілігі техногендік және экологиялық сипаттағы тәуекелдердің артуына және әлеуметтік құрылымның күрделенуіне байланысты адам ағзасына жүктеме сипатының артуы мен өзгеруіне байланысты. Қазіргі жағдайда адамның денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық адамның түр ретінде өмір сүруімен және сақталуымен байланысты. Сондықтан, бүгінгі таңда салауатты өмір салты – бұл тамақтану, физикалық белсенділік және демалу режиміне қатысты бұрынғы әдеттерді толығымен өзгертуге бағытталған өмір салты болып саналады.

Дұрыс тамақтану

Дұрыс тамақтану – бұл өте кең ұғым. Пайдалы тағам тек табиғи болып, барлық қажетті макро- және микроэлементтерден, дәрумендерден тұру керек. Тамақтанудың теңдестірілген болуы да маңызды. Жеке тамақтану режимін диетолог жасаған жөн.

Дене белсенділігі

Қозғалыс дененің функционалды мәртебесін сақтау үшін өте қажет. Салауатты өмір салтын ұстануды бастаушылар күніне кем дегенде 30 минут жаттығу жасауы керек. Физикалық белсенділіктің қандай түрімен айналысу керек – әркім өзінің жасына, темпераментіне және мүмкіндіктеріне сәйкес шешеді (спортзалдағы жаттығулар, спорттық серуендеу немесе жүгіру, жүзу, велосипедпен жүру, үйде гимнастикамен айналысу).

Теріс әдеттерден бас тарту

Темекі шегу, алкогольдік ішімдіктер, зиянды тағамдық құмарлықтар (тұзды тағамдар, чипстер, тәттілер, сода) денсаулықты

бұзатын факторлар болып табылады. Салауатты және саналы өмір жоғарыда аталған «лэззаттардан» сау нұсқалардың пайдасына үзілді-кесілді бас тартуды қамтиды. Жаман әдеттерден бас тарту – салауатты өмір салтын ұстанатын барлық адамдар үшін басты мәселе – тәжірибені қайдан бастау керектігінде.

Денені нығайту және аурулардың алдын алу

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін факторлардың тізіміне міндетті түрде денені нығайту және қатайту процедуралары кіреді. Имундық мәртебені көтеру – бұл кезең-кезеңімен және шыдамдылықпен жүзеге асыруды қажет ететін кешенді шара (тұрақты медициналық тексерулер, гигиена, эмоционалды денсаулық және т.б.). Қағая міндетті түрде шұңқырларға шомылу және суық су қюу емес. Бастапқыда әдеттегі контрастты душ қолайлы. Денені қатайту имундық мәртебені арттырады, тамыр жүйесін нығайтады, вегетативті жүйке жүйесін ынталандырады және дененің жалпы тонусын көтереді.

Психика мен жүйке жүйесінің күйін қадағалап отыру керек. Толқу, стресс, шиеленіс, ашуланшақтық – ерте картаюдың тікелей себептері. Сонымен қатар, жүйке күйі физиологиялық процестерге теріс әсер етеді және дененің тіптік және жасушалық құрылымдарындағы патологиялық өзгерістерге ықпал етеді. Тағы бір нәрсе – егер ашулансаңыз және қобалжысаңыз, оны жасырмаңыз, өзіңізге жағымсыз эмоцияларды жинамаңыз.

Денсаулықты нығайту және тұрақтандыру бойынша алдын алу шараларының тізіміне міндетті түрде дене салмағын бақылау кіреді. Артық салмақ арқашан жүрек, қан тамырлары, эндокриндік және басқа да көптеген патологиялардың қосымша қаупі

болып саналады.

Денсаулықты нығайту еңбек пен демалыс режимін сақтаудан және ұйқыны қалыпқа келтіруден басталады. Адам күніне сегіз сағат демалуы керек, ал ұйқы үздіксіз болуы керек. Өзіңізді бір уақытта жатуға және тұруға үйретіңіз. Егер сіз демалыста болсаңыз да, түсі асқа дейін төсекте жатуға жол бермеңіз. Әйтпесе, сіз күні бойы өзіңізді әлсіз сезінесіз. Режимді сақтағаннан кейін үш аптадан кейін өнімділік артады. Сіз өзіңізді әлдеқайда жақсы сезіне бастайсыз, ұйқысыздық, мазасыздық және күйгелектік кетеді. Дененің жағдайы да тұрақтанады.

Жеке гигиена қағидаларын сақтау қазірдің өзінде маңызды профилактикалық шара болып есептеледі. Бала кезінен белгілі «Газалық – денсаулық кепілі» немесе «лас қол ауруы» тіркестері бос сөз емес. Гигиеналық қағидаларды сақтау көптеген және түрлі аурулардың алдын алады. Қолыңызды сабынмен жуу керек, егер мұндай мүмкіндік болмаса, бактерияға қарсы гельді немесе арнайы дымқыл майлықтарды қолдану керек. 45 жастан кейін адамдарға үнемі толық клиникалық тексеруден өтуге міндетті: жасы ұлғайған сайын гипертония, қант диабеті, жүректің ишемиялық ауруы сияқты аурулардың қаупі едәуір артады. Осы және басқа ауруларды ерте анықтау сәтті терапияның негізі болып саналады. Осылайша, егер сіз ұзақ жылдар бойы денсаулығыңызды сақтауға тырыссаңыз, аурулардың алдын алу үшін дұрыс тамақтанудан бастап тұрақты медициналық тексерулерге дейін салауатты өмір салтының қарапайым қағидаларына назар аударыңыз. Өзіңізге әр дайым қамқор болыңыз!

Г. ДҮЙСЕНБЕВОВА

ӨЗЕКТІ СҰРАҚТАРҒА САРАПШЫ ЖАУАП БЕРДІ

Қандай жағдайларда учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз бейінді мамандарға жүгінуге болады, медициналық қызметтерді күту уақыты қанша? Осы және басқа да сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

-Дәрігерлердің жүктемесі артып, қабылдауға жазыла алмаса, не істеу керек?

-Медициналық қызметті күту мерзімі 15 жұмыс күнінен аспауы тиіс. (МӘМС және (немесе) ТМҚКК шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шартының талаптарының орындалуын мониторингтеу қағидаларына сәйкес). Егер емханада осы мерзімде дәрігерге жазылу мүмкін болмаса, қажет болса, пациентті бірлесіп жұмыс істейтін басқа клиникаға жібере алады. Егер 15 күннен ұзақ күтетін жағдай болса және пациент басқа клиникаға жіберілмесе, ол пациентті қолдау қызметіне жүгіну керек. Онда пациенттердің шағымдарын қарастырып, мәселелерді шешумен айналысады. Сонымен қатар, МСАК ұйымдарында «фильтр-кабинеттер» бар. Онда инфекциялық ауруларға күдік болған жағдайда дәрігер қабылдауына алдын ала жазылуысыз баруға болады (Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру стандартының 110-тармағына сәйкес, ол ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 бұйрығымен бекітілген).

-Учаскелік дәрігердің жолдамасынсыз бейінді мамандарға қаралуға бола ма?

-Иә, кейбір жағдайларда бейінді маманға алғашқы буын дәрігерінің жолдамасынсыз жазылуға болады (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмекті

көрсету қағидаларының 12-тармағына сәйкес):

1. шұғыл жағдайлар және жаракат алу;
2. стоматологиялық көмек алу үшін жекелеген санаттағы пациенттердің жүгінугі;
3. дерматовенерологиялық бағыттағы ауруларға байланысты бейінді маманға жүгінугі;
4. акушер-гинекологқа (жүктілік есебіне қоюдан басқа жағдайларда) және тіркелген жері бойынша психологқа жүгінугі;
5. онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруларға күдік туындаған жағдайда бейінді маманға жүгінугі;
6. жастар денсаулық орталықтарына жүгінугі (өз еркімен);
7. динамикалық бақылауда тұрған пациенттің бейінді маманға жүгінугі;
8. бір жағдай аясында бейінді маманның қайта қабылдауы, сондай-ақ жаңа түзіліске күдік туындаған жағдайда;
9. көшпелі медициналық кешендер мен медициналық пойыздар қызметі алу.

-Пациентті қолдау және ішкі аудит қызметі медициналық ұйымдар денгейінде пациенттердің шағымдарын «осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша жедел шешу үшін қарастырылған. Ол пациенттердің шағымдарын қарастырып, қажет болған жағдайда олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды. Пациентті қолдау қызметі пациенттердің медициналық қызметтерді алу барысында туындаған жағдайларды реттеумен айналысады. Оған пациенттердің өздері де, олардың туыстары да жүгіне алады.

Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы «26» наурыздағы №26- өкімімен бекітілген қосымша

Жаңаталап ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды оның ішінде осы органның қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Абдықалықов Қуаныш Боранбекович	Жаңаталап ауылдық округі әкімі	Әр аптаның Сәрсенбі –жұма күндері 15.00-ден 18 ⁰⁰ -ге дейін	Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылдық округі, П.Қарақұлұлы көшесі №56үй	(872431) 41-1-12

Ақтоған ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы «05» қаңтардағы №02-3/3 өкімімен бекітілген қосымша

Ақтоған ауылдық округі әкімінің жеке және заңды тұлғаларды оның ішінде осы органның қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін басшының Т.А.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Ахметов Ержанбек Сүйіндіқұлы	Ақтоған ауылдық округі әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні Сағат 9 ⁰⁰ -ден 19 ⁰⁰ -ге дейін	Шиели ауданы Ақтоған ауылдық округі, Досбол датқа ауылы О.Сәрсенбай көшесі №2	(872432) 5-14-42

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/ҰУ00030577 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №70

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/